



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

### ЭПИДАХУАЛ МЕН СУ ТАСҚЫНЫНА ЭЗІРЛІК ТИЯНАҚТЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері талқыланды.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

2-бет

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Суреттері түсірілген: Н.П.ЖАҚЫПОВ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Қызылорда қаласының актив отырысында әріптестері Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқарған Асылбек Шәменовті жаңа қызметке шығарып салды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

2022 жылдың сәуір айынан бүгінгі күнге дейін осы қызметті атқарған Шәменов Асылбек Өмірбекұлы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы лауазымына тағайындалуына байланысты қызметінен босатылды.

2-бет

## СҰХБАТТАН КЕЙІНГІ СӨЗ

### ҚОҒАМҒА ОЙ САЛҒАН СҰХБАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беріп, еліміздің саяси-экономикалық, мәдени ахуалымен болашақта алдымызда не күтіп тұр деген мәселенің төңірегінде өзінің пікірін ашық білдірді. Сұхбатта Президент Қаңтар оқиғасы, басқа да халықтың көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді. Қоғам талқысына түскен сұхбат туралы философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Баймырза Қожамбердиев пікірлестік.

3-бет



Ашық дереккөзден алынды

## КҮН ҚАБАҒЫ

«Қазгидромет» РМҚ 11-13 қаңтар аралығына арналған ауа райы болжамын жариялады. Алдағы күндері Қазақстан бойынша тұрақсыз ауа райы болады. Солтүстік аймақтарда аз уақыт аяз, ал оңтүстік аймақтарда қатты жауын-шашын соңы қарға ұласады. Ауа температурасының қысқамерзімді ауытқуына байланысты көктайғақ болуы мүмкін. «Батыста 11 және 13 қаңтарда, солтүстікте 11-12 қаңтарда аяз сезіледі, түнде 20-32 градусқа дейін төмендейді» депінген хабарламада.

Ашық дереккөзден алынды

## ӨРКЕН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде 53 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстады. Шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жигули Дайрабаев, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев қатысты. Жиын өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлерін марапаттаудан бастау алды. Мұнан соң облыс әкімі сөз алып, жаңа қоныс иелерін құттықтады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

## БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Халықты баспанамен камту – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты. Жыл сайын аймақта пайдалануға берілген тұрғын үй саны артуда. Өткен жылы 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды. Осылайша 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Биыл мемлекеттік бюджеттен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға

ғана жәрдем береді» деп атап өткен еді. Осыған орай, былтыр аймағымыздың барлық ауданында 450-ге жуық отбасы баспана қуанышына кенелді. Бүгін Тасбөгет кентінде 53 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді Нұрлыбек Машбекулы. Шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жигули Дайрабаев та баспана кілтін алған тұрғындарды құттықтаса, қоныстой иелерінің атынан мектеп мұғалімі Мереке

Тауманова қуанышын жеткізіп, аймақ басшысына алғыс білдірді.

Айта кету керек, баспана кілті бұл жолы осал топтағы отбасыларға бұйырды.

– Мен ерекше бала өсіріп отырған анамын. 2007 жылдан бері үй кезегінде тұрамын. 17 жылдан кейін өз баспанамның кілтін қол жеткіздім. Бүгінгі қуанышымда шек жоқ. Үй өте қатты ұнады, ойымдағыдай болып шықты. Осындай мүмкіндік сыйлаған облыс басшылығына алғысымды білдіремін, – деді қала тұрғыны Меруерт Жақыпова.

## ЖАҢА БАСПАНА - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



Суреттері түсірілген: Б.ЕСҚАЛОВ

## БРИФИНГ

### СУ АЗ, СЕҢ ҚАУІПСІЗ

Мамандардың есебінше, қазір «Шардара» су қоймасынан жоғары бөлікте 14,9 млрд текше метр су бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 898 мың текше метрге аз. Атап айтқанда, қырғыз жеріндегі «Тоқтағұл» су қоймасында 10,2 млрд текше метр су бар.

– «Шардара» қоймасындағы су қазір 2,5 млрд текше метр. Оған жоғары ағыстан секундына 766 текше метр су түсіп жатса, қоймадан төменгі ағысқа 300 текше метр су босатылады. Облыс аумағына 323 текше метр келуде. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда аз, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының бөлім басшысы Сейітхан Әбуов.

Вегетациялық кезеңге дайындық осы бастан қолға алынуда. Секундына 100 текше метр су «Көксай» су реттегішіне қабылдануда.

– Облыс аумағында ауа райының жылынуынан қазір оңтүстік аудандарда Сырдария өзені мұздан толық тазарды. Мұздың жылжуы Сырдария ауданы аумағында.

Жалағаш және Қармақшы аудандарында мұздың орташа қалыңдығы 15-17 сантиметр. Қазалы және Арал аудандарында 30 сантиметрді шамалайды. Дарияда су тасқыны қаупі жоқ. Дегенмен, филиал тарапынан тиісті мониторинг жұмыстары күнделікті жүргізілуде, – деді

«Қазушар» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайрат Жансұлтанұлы су мәселесіне қатысты шаралар қабылданатынын жеткізді.

– Вегетациялық кезең мәселесін ойлауымыз керек. 2023 жылы 10 каналға тазалау жұмыстары жүргізілді. Насос қондырғылары алынды. 2024 жылы 21 коммуналдық канал қазылады деген жоспар бар. Қазуға тиісті қаржы бөлініп, көктем айында басталады деп күтілуде, – деді ол.

«СБ» ақпарат



ТАҒАЙЫНДАУ

ДАНИЯР ЖАНАЛИНОВ – ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында жаңадан тағайындалған облыс әкімінің бірінші орынбасары таныстырылды.



қаржы тартуда саладағы мол тәжірибесі мен кәсібилігін көрсетеді деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және облыс әкімінің өкімімен Жаналинов Данияр Еренғалиұлы облыс әкімінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды.

Облыс әкімі Данияр Еренғалиұлының қызметіне сәттілік тіледі.

– Данияр Жаналинов бұған дейін Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстары бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы, ҚР Қаржы вице-министрі, осы министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы лауазымдарында болған. Қыркүйек айынан бері облыс әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді. Данияр Еренғалиұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында министрліктермен бірлесіп, республикадан

Актив отырысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, Жаңақорған ауданының әкімі Мұрат Тілеуімбетов жана қызметке тағайындалған өріпгестерін құттықтады.

Данияр Еренғалиұлы 1975 жылы Алматы

облысында дүниеге келген. Қазақ көлік және коммуникация академиясын «Инженер-экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы Алматы облысы Талдықорған қаласы бойынша салық комитетінің салық инспекторы болып бастаған. 2002-2010 жылдары Алматы облысы бойынша салық комитетінде салық инспекторы, жетекші, бас салық инспекторы, бөлім басшысы және департамент бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 2010-2014 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің басқарма басшысы, 2014-2018 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы, 2018-2021 жылдары Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы болған.

2021-2022 жылдары ҚР Қаржы вице-министрі. 2022 жылдың тамыз айынан бастап ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы, 2023 жылдың қыркүйек айынан бері облыс әкімінің орынбасары қызметтерін атқарып келді.

ЭПИДАХУАЛ МЕН СУ ТАСҚЫНЫНА ӘЗІРЛІК ТИЯНАҚТЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың айтуынша, 2023 жылдың қорытындысымен жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық ахуалы тұрақты болды. Алдын алу шараларының арқасында оба, тырысқақ, полиомиелит сияқты 20-дан астам қауіпті жұқпалы ауру тіркелген жоқ. Сондай-ақ, коронавирус, ротавирус және жіті ішек инфекциялары бойынша сырқаттанушылық төмендеді. Жыл соңында елде 29 мыңнан астам қызылша жұқтыру дерегі тіркелді, оның 80%-ы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. Осыған байланысты Әлихан Смайылов қызылшаға қарсы, басқа да профилактикалық екпелерді салу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

кешенді жоспарына» енгізіліп, мемлекеттік органдар қарауына ұсынылды.

Үкімет жиынынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, аталған мәселелер бойынша негізгі жұмыс бағыттарын белгіледі. Аймақта профилактикалық бағыттағы жаппай, жоспарлы және толықтырып иммундауды әрі қарай жоспарлы түрде жалғастыру қажеттігін ескертті.

– Отырыста Үкімет басшысы елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға қатысты бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Оның ішінде аса қауіпті және жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарын жүйелі әрі сапалы жүргізуді тапсырды. Өңірімізде коронавирус инфекциясы 2022 жылдың есепті кезеңінен салыстырғанда 55 есе төмендеген. Ал айда, өткен жылы қызылша ауруының 1682 жағдайы тіркелді. Эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, қараша айынан бастап қызылшаға қарсы жаппай иммундау шарасы өтті. Қазір облыста эпидемиологиялық жағдай тұрақты, – деді аймақ басшысы.

Мәжіліс қорытындысымен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне қызылша, қызамық, паротит және коронавирус инфекциясының таралуын болдырмауда атқарылуы тиіс жұмыстар тапсырылды. Алдағы уақытта оқу орындарында эпидемияға қарсы профилактикалық іс-шаралар толық ұйымдастырылуы тиіс. Халық арасында иммундаудың маңыздылығы туралы ақпараттық түсінідіру жұмыстарын күшейту керек. Меншік нысанына қарамастан, облыстағы балабақша балаларының екпе құжаттарына ревизия жүргізіп, егілмеген балаларды ата-аналарының рұқсатымен жаппай иммундау шараларына тарту маңызды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына вакциналау жұмыстарын жалғастырып, жалған профилактикалық егудің алдын алу туралы тапсырма берілді.

Ал су тасқынының алдын алу бойынша Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне өзен бойындағы қауіпті учаскелерге бақылауды күшейтіп, тәулік бойы кезекшілікті жалғастыру тапсырылды. Су баса аймағына жақын орналасқан елді мекендерде инертті материалдар қорын шоғырландырып, қажет болған жағдайда инженерлік жұмыстарды ұйымдастыру міндеттелді. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдардың дайындығын үнемі әзірлікте ұстап, мониторинг жұмыстарын жалғастыруға жауапты болмақ. Ал «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы «Шардара» су қоймасына босатылатын су көлеміне тұрақты бақылау жасап, облыс аумағына қауіпсіз мөлшердегі суды жіберілуі бойынша тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жасайды.

1-бет

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас қорыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бузылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды. Электронды мекен-жай: kyz\_oblmashkhat@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның аты-жөні, Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны. Rows include Байқадамов Наурызбай Сейткалиұлы and Досжан Жандос Сермағанбетұлы.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекен-жайы бойынша келуге болады.



қадағалауды қажет етеді. Аймақ басшысы бұл жұмыстарды үйлестіру тек қала әкімінің ғана міндеті емес, оған барлық басқармалар, департаменттер, құқық қорғау органдары да атсалысуы тиіс екенін атап өтті.

Қазір Қызылорда қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жаңа жылы-электр орталығының, Қорқыт ата әуежайының жана терминалының, заманауи үлгідегі автовокзалдың құрылысы салынууда. Быыл Жапсанбай батыр көшесі 4 жолақты болып кеңейтіледі, Яссауи көшесі қайта жаңғыртылады. Жанқожа батыр көшесінен теміржол асты көпірі салынады. Бұл жобаларға республикалық және облыстық бюджеттен 11 млрд теңге қаржы қаралады. «Оқушылар сарайының», Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. «Самұрық қазына траст» қорымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін үстел теннисі орталығының, «Саутс Ойл» компаниясы музыкалық колледж ғимараты құрылысын бастайды. 200 төсек-орынға арналған перинаталдық орталық салынады, «Қан орталығы» өз қызметіне кіріседі. Жерлесіміз Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен қаланың орталық алаңы қайта жаңғыртылууда. Аймақтың бас шарындағы ауқымды жобалардың мерзімінде әрі сапалы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Актив отырысында Нұрлыбек Машбекұлы өткен жылы жүзеге асқан жобаларға, атқарылған жұмыстарға, қабылданған шешімдердің маңыздылығына тоқталды. Халықтың игілігі мен жайлы тұрмыс-тіршілігіне арқау болған бастамаларды соңына дейін жеткізу үшін уақытпен санаспай, жұдырықтай жұмылып еңбек еткен жанашыр азаматтарға алғыс білдірді. Асылбек Өмірбекұлына аймақ дамуына елеулі үлес қосқаны үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Күрмет грамотасын табыстады.

– Асылбек Өмірбекұлы әр жылдары жеке сектор мен мемлекеттік органдарда түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. Мемлекеттік қызметте сатылап өскен білікті кадр. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы, Жалағаш ауданының әкімі қызметтерінде біліктілігін, ұйымдастырушылық және жауапкершілік қасиеттерін көрсетті, – деді облыс әкімі.

Қызылорда – облыстың бас шаһары, болғандықтан, сәйкесінше мұндағы жұмыс қарқыны, тұрғындардың талап-тілектері, қолға алынған, алдағы уақытта мезеленген жобалар да ауқымды. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері қаланың даму тенденцияларымен тікелей байланысты.

– Қызылорда қаласының бюджеті 2022 жылдың басында 51,6 млрд теңге болса, екі жылда екі есе өсіп, өткен жылды 95,1 млрд теңгемен қорытындылады. Осы кезеңде Асылбек Өмірбекұлы Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасын қалыптастырды. Қала халқының 97,7 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылған. Абай, Досан елді мекендері де табиғи газға қосылды, қоғамдық көлік мәселесі толықтай шешілген тапты.

Кейінгі екі жылда 2 мектеп, 2 мәдениет үйі пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 мектептің құрылысы басталды, 4 іргелі мектептің жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынып, пайдалануға берілді. Досанауылында медициналық бекет ғимараты, Тасбөгет кенті мен «Ақсуат» ауылдық округінде жана спорт кешені бой көтерді. «Отбасы», «Анаға тағзым» орталықтары қызметін бастады. 2 102 пәтерлік 39 тұрғын үй пайдалануға берілді, 42 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панелдермен жаңартылды, 36 көпқабатты тұрғын үйдің ауалары абаттандырылды. Қала мен оған қарасты елді мекендерде 326 көшеңіз 243,3 шақырым жолы жөндеді. 35 көшеге жаю жүргізілі жолы салынды. Екі теміржол өткелі көпірі, «Бәйтерек» тұрғын ауданында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірі, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодөлізі бойындағы жол айрығы ел игілігіне пайдалануға берілді. Қаланың бас көшелері – Сұлтан Бейбарыс және Астана даңғылдары кеңейтілді. Өзге де жобалар мен игі бастамалар жүзеге асырылууда, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сондай-ақ облыс әкімі маңызды саяси науқандарды жоғары деңгейде үйлестірудегі



Асылбек Өмірбекұлының елеулі үлесін атап өтті.

Актив отырысында аймақ басшысы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қызылорда қалалық мәслихатының келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Қызылорда қаласының әкімі лауазымына Қожаниязов Серік Салауатұлы тағайындалғанын хабарлады.

– Серік Салауатұлы – облыс көлемінде ғана емес, республикалық деңгейде мойындалған білікті маман, тәжірибелі басшы. Облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметінде ол жетекшілік еткен салалардың макроэкономикалық көрсеткіштерінде осым қалыптасты. Жыл қорытындысымен өнеркәсіп өндiрiсi 3,6 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 33,5 пайыз, ауыл шаруашылығы 3,7 пайыз, құрылыс жұмыстарының көлемі 40,4 пайыз, тұрғын үй 8,4 пайыз, негізгі капиталға тартылған инвестиция 14,2 пайыз артты.

Серік Салауатұлының көп жылғы тәжірибесі мен түрлі салаға жетекшілік еткен кезеңдердегі сапалы жұмысын, жедел әрі жүйелі шешім қабылдайтын, кез келген іске жоғары талап қоятын қабілетін ескеріп, Қызылорда қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдадық. Мемлекет басшысының, Үкіметтің алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындап, қызылордалықтардың әл-ауқатын арттыруға аянбай жұмыс жасайтынына сенемін.

Облыс тұрғындарының басым бөлігі қалаға қоныстанып, шаһар аумағы ұлғаюда. Қызылорда халықтың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы, жайлы ортаға айналып, барлық аудандарға үлгі болуы керек. Жаңадан тағайындалған қала әкіміне экономиканың барлық салалары бойынша әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерде нәтижелі жұмыс көрсетуді тапсырамын. Ол үшін барлық мүмкіндіктер бар, – деді облыс әкімі.

Жыл өткен сайын халық саны да, аумағы да өскен қалада тұрғындардың жайлы тұрмыс-тіршілігі үшін алда атқарылатын жұмыстың ауқымы кең. Тазалық пен сәулет, құрылыс жұмыстарының қарқыны, коммуналдық саланың үздіксіз қызметі, қылмыс деңгейі уақытпен санаспай, тәулік бойы қатаң

жүзеге асуы қала әкімінің тікелей бақылауында болуы қажет.

Жаңа тағайындалған қала әкіміне жылу маусымын жоғары деңгейде, іркіліссіз ұйымдастыру, коммуналдық сала қызметінің үзліссіз, сапалы қызмет көрсетуін үйлестіру, кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағы отбасылар мен жастарды тұрғын үй және жер учаскелерімен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдау міндеті жүктелді. Сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын ашып, салық түсімін арттыру, шет аймақтардағы жолдарды жөндеу, көше құрылысы мен электр желілерін жаңарту, қаланы және елді мекендерді абаттандырып, сәулет келбетін қатаң сақтау тапсырылды.

Серік Салауатұлы Кузбас политехникалық институтын «Инженер-механик» және Л.Г.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1989 жылы Қызылорда жөндеу-механикалық зауытында инженер-технолог болып бастаған. Қызылорда облысы әкімі аппаратында бөлім меңгеруші, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің директоры, Қызылорда қаласының әкімі қызметінде нәтижелі жұмыс көрсетті. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі лауазымдарында абыройлы қызмет атқарды. 2022 жылдың маусым айынан Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымында кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы салаларын өркендетуге, аймақтың инфрақұрылымын жетілдіруге зор үлес қосты.

Актив отырысында қоғам қайраткері Ибрагим Әбиұллаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, ҚР Мәдениет қайраткері Шәкізат Әбдікәрімов, қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова Асылбек Өмірбекұлы мен Серік Салауатұлының құттықтап, жаңа қызметтеріне сәттілік тіледі.

1-бет

# ҚОҒАМҒА ОЙ САЛҒАН СҰХБАТ

– Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстан билігіне келген 2019 жылдан бастап атқарған жұмыстары мен болған қиыншылықтарды жою және олардан қалай шығуды жолдарын бүкіл елге айтып, – дейді Баймырза Қожамбердиев. – Ол әсіресе, соңғы бір-екі жылдың төңірегінде жүргізілген саяси реформаларды айтудың барысында Конституциялық соттың және заң шығарушы орган Парламенттің жаңа қызметіне тоқтала келе еліміздің басқару ісінде былтырдан бері орын алған демократиялық өзгерістерге тоқталды.

Тілінің сұрағына орай қалың жұртшылықтың көкейінде жүрген әлеуметтік мәселелер жөнінде айта келіп, үкіметтің бюджеттік ұйымдар мен халықтың аз қамтылған бөліктеріне жалақы мен қосымша үстемалықтардың жүйелі түрде өсіріліп келе жатқандығы айтылды.

Сұхбатта айтылған тағы бір маңызды мәселе – АЭС құрылысы. Тоқаевтың айтуынша, АЭС салу мәселесін халық шешеді. Жалпы, қоғамдар республикамызда атом электр стансасын салуға қатысты алаңдаушылық көп. Чернобыль апатын, елімізде жүргізілген қаншама ядролық жарылыстарды ұмытпаған халық үшін бұл алаңдаушылықтар негізсіз емес. Жоғары билік те бұл туралы біледі. Сондықтан да Президент АЭС құрылысы халық үшін маңызды мәселелердің бірі ретінде міндетті түрде жалпыхалықтық референдумға шығарылатынын қуаттады. Әділетті Қазақстан қағидасы осылай жүзеге асады. Бұл мәселеде Президент халыққа арқа сүйеп отыр десек болады. Сол үшін азаматтарымыз АЭС-ке қатысты өз пікірін белсенді түрде білдіруі тиіс.

Мемлекет басшысы білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы да айтты. Оған қадамдар жасалып жатыр. Білім орталықтары, соның ішінде жайлы мектептердің бой көтергенін, мектепте, колледжде, балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өскенін атап өтіп, 2023 жылы атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Мемлекет басшысы көтерген бұл бастамалардың нәтижесінде өңірімізде ілгері жылжу байқалып, білім саласында оң өзгерістер болып жатқанын жоққа шығармауымыз керек.

Президент өткен жылы Мәжілістің жалпы отырысында елімізде бес шетелдік беделді университеттің филиалын ашуды тапсырып, қос диплом жүйесін мықтап қолға алу мәселесіне нақты бағдар берді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сеул техникалық университетімен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойып, Президент айтқан жасанды интеллект бағытта алғашқы кадамын жасады. Бұл серіктестіктің басты мақсаты – халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламасын әзірлеу, елімізде тиесілі ЖОО-ның ғылыми әлеуетін арттыру. Енді биылдан бастап студенттер қабылдау бастады. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша мектептер салына бастады. Бұл – қарапайым ауыл балаларының қолжетімді білім алуына жағдай жасалады деген сөз. Медицина саласында да облыста 27 медициналық нысан жоспарланып, оның 15-і салынды. Бұл да үлкен жетістік. Аймақ басшылығының нәтижелі жұмысын көрсетеді.

Әрине, бұл жақсы. Көңіл қуантар жайт. Бірақ, осы тұрғыда біз бұған дейін де қаншама жолдаулар, сұхбаттар, тұңғыш Президенттің де қаншама бағдарламалық мақалаларын талдадық. Ел өмірінің түрлі салаларында тың бастамалар бұған дейін де көтерілді. Сондықтан, жаппай мақтап, жабыла талдаумен шектелмесек екен деймін.


Мысалы, Қазақстан шетелдік инвестиция тарту жағынан әлемде үздік ондықтың қатарына шықты. Алтыншы орында. Халықаралық сарапшылар жүргізген зерттеу нәтижесі осындай. Еліміз инвестиция көлемі бойынша посткеңестік кезеңде көш бастап тұр екен. Орталық Азия елдеріне тартылған барлық инвестицияның 61 пайызы бүгінде Қазақстанға тиесілі деп жатыр. Ал былтыр бірінші жартыжылдықта ел экономикасына 13,3 млрд доллар көлемінде инвестиция құйылды. Қаражаттың көбі Нидерланд, АҚШ, Швейцария, Ресей және Қытай елдерінен тартылған.

Енді бұл қаражат қай салаларға құйылып жатыр? Елде өңдеу өнеркәсібінің деңгейі қанағаттанарлық емес. Президент ұсақ-түйекке үніле бермейік деген мағынада пікір айтқан екен. Бірақ, мен ойлаймын, ұсақ-түйек нәрселен күрделі мәселелер туындайды. Біз сол ұсақ-түйекті неге шешіп алмаймыз? Ауқымды жоспарлар жасап, алысқа ұмтылғанша, ең әуелі халыққа керекті, қажетті тауарлар неге жасаймыз? Мысалы, елімізде автомобиль өнеркәсібіне қыруар қаржы құйылады. Бірақ, сол автопром деген бізде бар-жоғы туралы пікірталас көп. Сонда бар-жоғы белгісіз салаға ел қазынасынан қыруар қаржы неге жұмсалады? Болмаса, бұл талпап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғамастай етіп бекітілген.

Жалпы Мемлекет басшысының саясаты туралы айтқанда, ол үшін басты назарда халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы тұрғанын көруге болады. Бірақ ол үшін экономика дамуы керек. Ал экономика дамуы үшін әртараптандырылуы тиіс. Біз өзіміздің өткенімізді айта беретін болсақ, заманға илесе алмаймыз. Дәл осы тұрғыдан қарағанда, бұл сұхбат халқымызды саяси тұрғыдан ғана емес, ел өмірінің барлық саласында белсенді болуға ынталандырып екен деймін. Халқымыз белсенді болып, біз қойып отырған сұрақтарға қоғам болып жауап іздеуі, жауапты органдардан сол қаржының есебін талап етуі керек. Сұхбатта сондай қоғам болып шешуіміз керек мәселелер көп айтылған.

Сұхбаттасқан  
Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

## ОНАЛБЕК СӘПИЕВ-80



Кейде еріксіз қолға қалам аласың! Жасыратын не бар, қаламгер болған соң, аяқталмаған көркем туынды алқымдап, күйіп-пісіп жүрген кезінде, тосыннан бірдеңе жаза салуға құлықсыз боласың. Бұл – ащы да болса ақиқат. Алайда, өз өміріңде орны төбедей биік, ойлаңып-толғанбасыңа, қолыңа қалам ұстамасыңа қоймайтын ерекше бітімді жандар бар. Сол кісілер еске түссе, бар жұмысты ысырып қойып, білек сыбанасың, не керек!

# Қайраткер жолы

Менің өмір-жолымда жәй аралас-құралас емес, ерекше із қалдырған ағаларымның бірі де, бірегейі де – Оналбек Сәпиұлы! Қарапайым қойшыдан қайраткерлікке дейін созылған өмірдастаны бар азамат биыл сексеннің сегінге көтеріліп отыр. Астанада тұрады. Елорданың Ақмола өңіріне қоныс аударып, көшіп келуіне тікелей атсалысқан адам. Ол кезде республика Парламенті Сенатының депутаты еді. Жәй депутат емес, ең беделді депутаттар санатынан орын алған-ды. Өйткені, Оналбек аға адалдықты ту еткен, өтірік пен жағымпаздыққа жаны қас, жемқорлар мен жөбілерді жанына жұмтайтын текті тұлға ретінде танылды. Ал бұған дейін...

...1979 жылы Алматыдағы университеттің журналистика факультетін ойдағыдай аяқтаған бұл пақырыңыз өзінің туған топырағы – Сыр еліне оралып жатқан шақ. Республикалық «Білім және еңбек» журналының бас редакторы Абдул-Хамит Марқабаяғамыз жұмыса шақырып, жауапты қызметке бұйрық шығарып қойса да, елдегі отбасылық жағдайға байланысты, кешірім сұрап, жолға шығып кеткен еді. Пәлі десе, сөйткен бұл пақырыңыз елдегі аудандық газеттен де орын таба алмай екі-үш ай босқа сенделер ме! Ақыры, Қызылорданың дәл түбіндегі Тасбөгет поселкесінде (Сырдария ауданының орталығы) шығатын «Сұрдария» газетіне өзгеріс егер деп, онда да екі ай мерзімге сынақпен жұмысқа алындық қой, не керек. Жә, бұның бәрін не үшін тәптіштеп айтып жатырмыз? Сол алаңдай газеттің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген шағымызда бір жолы аудандық комсомол комитетінің кезекті конференциясы өткізілді. Кім бергенін қайдам, жиында сөз сөйлеушілер тізіміне аудандық газеттің бастаушы комсомол ұйымының жетекшісі деп, мені де жазыпты. Амал қанша, атым аталған соң, сөйлеуім керек қой. Мінбеге көтеріліп, аудан жастарының арасында мәдени-көпшілік жұмыстары жолға қойылмаған, комсомол ұйымдары бұған аса көп мән бермейді деген секілді сыни пікірлерімді ашық айтып салдым. Сөйтсем, бұл конференцияға облыстық жастар ұйымының басшысы Оналбек Сәпиұлы қатысып отыр екен. Қысқасы, жаны аяқталған соң ол кісі мені шақырып алып «бізге жұмысқа ауыс» деді. Жауабымды да күтпестен «ертең менің жұмыс орным кел, қалғанын сосын сөйлесерміз» деп түйіндеді де, жылы қабақпен шығарып салған-ды. Осылайша, «жандық журналист» болам деп алқындып жүрген пақырыңыз ойламаған жерден комсомол қызметкері болып шыға келер ме! Әрине, облыстық комсомол ұйымында басқа сала емес, өзіме етене жақын насихат және мәдени-көпшілік жұмыстарым айналыстым. Бірақ, несің жасырайын, мұндай жұмыста тәжірибем өте аз, талай-талай сүріндік, қателіктер де жіберіп жатқан екен. Қарапайым қазақ жігітінің Кеңес Одағының бас қаласында, өңкей орыстың хәм орыстіділердің ортасында өзін көрсетіп, абыройымн қызмет істеуі таңғаларлық жағдай. Тіпті беделі де зор болған сынайлы. Кейде өз кабинетінде жиналыс өткізіп жатқанда Мәскеуден бір танымсы телефон соға қалса, онымен орысша әзіл-қалжыңын айта отырып-ақ, облыс үшін аса маңызды кейбір шаруаларды әп-сәтте шешіп алған кездерінде куәсіміз. Өткен өмірі жайлы әңгімесін тыңдасаң, таңданбақса амалың қалмайды. Сыр өңірінің Жаңақорған ауданына қарасты Қожакең ауылында, қарапайым колхозшы Құдайбергенұлы Сәпи мен Әбішқызы Ұркия апамыздың

отбасында 1944 жылдың 11-қаңтарында жарық дүниеге есігін ашыпты. Жас күнінде текті әжесі, ақынжанды ана Өтепқызы Зұлхияның қойнында жатып, арқасына мініп, еркелеп өсіпті. Содан да болар, Оналбек аға қазақтың көне сөздері мен мағналы мақал-мәтелдерін өте көп есінде сақтаған, сөйлесе төгіле жөнеледі. Осындағы төменгі сыныпты тәуір аяқтап, әрі қарай аудан орталығындағы малшылардың балаларына арналған мектеп-интернатта жатып оқыды. Оқуын аяқтаған соң, дереу білім жолына түспей, жастық көңіл қалауымен қой бағытын бригадаға шешім шығарды. Қойшылық өмірді бастайды. «Қазақтың атакөсібінің дәмін ерте таттым» дер еді аға. «Мен жас күнімнен қара қоймен сөйлестім, олардың тірлігі маған етене жақын!» Арада екі жыл өткенде аудандық комсомол ұйымы жас жігіттің бойындағы жалын атқан жігерді байқап, жоғары оқу орнына жолдама берді. Оналбек аға Шығыс Қазақстан облысындағы педагогика институтына түсіп, оны үздік аяқтайды да, ректораттың ұйғарымымен сол оқу орнындағы комсомол ұйымына басшылық жасауға шешім шығарды. Жастарға жетекшілік жасап хәм жастармен қойын-қолтық жұмыс жасау, міне, сол кезден бастау алып жатыр. Одан соң Шығыс Қазақстан облыстық комсомол ұйымының хатшысы, Бүкілодақтық комсомол ұйымының жауапты қызметкері, ал 1977 жылдан – Қызылорда облыстық жастар ұйымының бірінші хатшысы болып тағайындалыпты. Тап осы кезеңде біз де жағалап, дәлірек айтқанда, өзінің шақыруымен, ағаның қарамағына қызметке келіп қалсақ керек. Осынау жылдар мен үшін де үлкен өмір мектебі болғанын бүгінгі күні ерекше атап айтар едім.

Оналбек Сәпиұлы облыс комсомол ұйымын басқарған жылдары көптеген бастамаларды көтерді, жастарды жаңа істерге жұмылдырды, алғыр кадрлардың өсіп шығуына тікелей ықпал етті. Мысалы, кейінірек республикаға есімдері бек танымал болған Қырымбек Кеңесбаев, Бигали Қаюпов, Болат Оразов, Гүлсара Алтынбекова, Кеңес Махамбетов, Ергали Алдоңғаров, Захар Ақдәулетов, Махмұт Нәлібаев, Марат Есенов, т.б. Оналбек ағаны ұстаз санайды.

Бұдан соңғы өмір жолы да санамызда сайрап тұр. Мәскеудегі қоғамдық қылмындар академиясында тыңдаушы болып, оны қызыл дипломмен аяқтап, қайтадан Сыр өңіріне оралып, екі-үш аудандық басқаруы, облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қызметі – барлығында да ізденімпаз, талапшыл және байқампаз басты ретінде із қалдырғанын бүкіл ел біледі. 1977 жылдан бастап республика Парламентіне халық қалаулысы болып сайланып, бұдан былайғы қызметі тәуелсіз еліміздің аса зору заңдарын талқылау, жетілдіру және керек уақытысында қабылдау бағытында болған-ды. Рас, жалғыз депутат бар мәселені шеше алмас, бірақ сауатты депутат қай кезде де сауатсыз заңдардың өмірге жолдама алуына тосқауыл қоя алады. Бұл ретте Оналбек аға өзі айтатындай, ешқашан ел мүддесіне, халық игілігіне қиғаш келетін заңдарға қолдау көрсеткен емес, керісінше ондай шикі құжатты байқаса, ешкімнен тайсалмай, қос қолын көтере қарсылық жасай алды, оған батылдығы жетті. Сосын да ел құрметіне бөленген күні кешегі абыз ағаларымыз Салық Зиманов, Сұлтан Сартанов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Амангелді Айталы, т.б. жолымен жүрді, максатта болды, ел келешегіне алаңдады. Парламент қабырғасында өткен, белгілі бір заң жобасы айналасындағы қаншама талас-тартыстар жайлы, ондағы Оналбек ағаның өтімді пікірлері жайында кенінен толғап айтса да болар еді, алайда ондай «саяси сайыс» әңгімесін кейінгі шегере тұралақ.

Оналбек аға өнегелі отбасы иесі, женгеміз Зада екеуі ұл-қыз тәрбиелеп,

әлденеше немере сүйіп отыр. Ұлы Еркебұлан қазіргі кезде Қазақстанның Түркиядағы елшісі қызметін абыроймен атқаруда. Өзі зейнет жасына шықса да көңілі сергек, үнемі елімізде және әлемде болып жатқан саяси-мәдени жаңалықтарға елеңдеп отырады. Жақында Оналбек ағаның қарашанырағына бардым. «Сексен жасыңыз да тақап қалды, атап өткен жөн емес пе?» деп сұрап ем, басын шайқады. «Бүкіл елді шулағып, дүркіретіп атап өтердей халқыма нендей айтулы өңірің сіндірдім, қарапайым ғана құмыр кешкем жоқ па» деп, жылы жымиды. «Кейінгі ұрпақ қазақ ішіндегі қазіргі көзі тірі идеологтар тобына сізді де қосып айтатын» деді. Ағамыз былай деді: «Нағыз ұлт идеологиясының қамшыгері кешегі Өзаған, Өзбекәлі Жәнібек еді ғой, аты көп аталмай жүр, тойлағыш ел сол кісіні жылда еске алып отырса артық болмас еді» деп қайырды. Қарапайым болу деген, асылы, осы болар! Қазіргі уақытта не бітіргенінде шаруасы жоқ, сексен тұрмақ елуі мен алысын, тіпті қырық жасын да аста-тоқ атап жатқандар аз ба? Біреудің қуанышын қызғану емес, бірақ ұлан-асыр той жасау үшін де әуелі бұған халқымыз қалай қарайды деп ойлану қойса, е? «Әрі кетсе, ең жақын достарым мен туған-туысты, өздеріңді інілерімді жинап, елу-алпыс кісіге дастархан жайып, ата-бабама Құран арнасам деп шештім» деді ойлана сөйлеп. Біз бұл ойын құптай отырып, тіл ұшында тұрған бір сұрақты тежей алмадық.

– Аға, сіз жас кезіңізде журналист болсам деп армандап, аудандық газетке бірнеше мақала жазғаныңызды айтып едіңіз? – дедім. – Енді зейнеттесіз, көргеніңіз бен түйгеніңіз көп, неге қолға қалам алмайсыз? – Мына денсаулығы құрғы... – деп, ағам қабақжып, отырып қалды. – Сен бітесің ғой, жүрегіме бір емес, екі-үш рет оңа жасайды. Өлім жоқ. Шаршап қала берем...

Соны айтты да, кенет қайта серпілгендей болып, маған жалт қарап алып:

– Бала, сен дұрыс есіме салдың! – деді. – Бір кездері қағазға түсірген ойларым болушы еді, соларды қайта қарауым керек пе? Оның үстіне мен жайлы жазылған естеліктер мен толғаулар да біршама жиналып қалыпты. Онымен қоса, келешек ұрпағыма айтып кетер өсиет сөздерім де тіл ұшында тыпырышып тұрғанын байқаймын. Шағындау жинақ шығарам ба?

Осыны айтты болды да: – Осы шаруаға қол ұшын бер! – деп арқамнан қақты.

– Әрине, аға! – дедім мен ойланбастан. – Сіздің бір өтінішіңізді орындай алсақ, ол бізге де мәртебе ғой...

Ақиқатына көшсек, өзіміз күеу болған екі-үш түрлі ерекше адами (бәлкім, қазаки) қасиет бар: сөйлесе сөзге шешен, ағыттылы айтады, төгіліп сөйлейді, жүрегіңді дір еткізеді, жазса жазуы жүйелі, ойы орнықты, санана сәуле құя түседі, ең бастысы ол ұлт руханиятына мейлінше жанашыр жан; қазақ ақын-жазушыларының оқып қана қоймайды, тілекші болуы өз алдына, оған қоса көбісімен әзіл жарастырып, тонның ішкі бауындай сыйласа білді, бірталайына қолынан келген көмегін аямады, тұрмыстық жағдайының дұрыстауына, тиісті марапат алуына дейін араласты, бірақ онысын бұлданған жоқ. Мысалы, ақын Иран-Ғайып, суретші Қайырбай Зәкіров, жырау Алмас Алматы, жезтаңдай әнші Лена Әбдіхалықова, тағы басқалардың өнер жолына ақжайма төсеген – Оналбек аға. Әбіш Кекілбай ағам бірде дастархан үстінде «Оналбек кешегі Өзбекәлі Жәнібек салып кеткен жиекті жолдың жоқшысындай азамат қой» деп еді.

Біз бұдан асырып не айта алармыз? Аман болыңыз, асыл аға!

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ,  
жазушы, драматург

Капитан Мұқан Расултегінің кезекті еңбек демалысынан келген күні болатын. Қалаық ішкі істер басқармасы ғана емес, облыстық ішкі істер департаменті бойынша да тоғыз айдың қорытындысымен тергеушілер арасында үздік атанып, демалысқа мүмкіндік алған-ды. Алматының күзгі табиғатын жиырма күннен аса тамашалау ерекше жігерлендіріп, бойына қуат күйіндей болды. Сол қалыптағы көңіл-күйді бастықтың шақыртуы бұзды. «Тағы да сапырылған тірлік, мазасыз күндер, ұйқысыз түндер басталды-ау» деп ойлады іштей.

Оперативтік жиналыс бұрынғы тәртіптен өзгеше жүрді, бұрын алдымен ауыр қылмыстарға қатысты шаруалардан басталып, соны майда бұзақылыққа қатысты істер туралы болатын. Бұл жолы бастық әуелі көше төбелесі, балағаттау, ұрлық және т.с.с. істерге қатысты шаруаны қорытып, бағыт берді де, әңгіме бағытын кісі өліміне бұрды. Иә, мұны Мұқан Алматыда жүргенде естіген, телефонмен хабарласқанда әріптестері болған жағдайды айтып, өз-өзіне қол жұмсау деген еді. Мұның санасында «Бастық неге бұған мән беріп отыр, самоубийство болса, істі қысқарта салмай ма?» деген ой бой көтере бергені сол еді, бастықтың дауысы қалыпқа келді.

— Мына Абай ауылының қалаға кіргені бізге бөлек салмақ болды. Жігіттер! Естіген боларсыңдар... Әлеуметтік желі шулап жатыр. Министрден бастап барлық басшылықтың көз-құлағы біз жақта. Облыс әкімінің де, облысқорғармен ДВД бастығының да бақылауында тұр бұл іс. Тұяқов өзін-өзі атып алды деп қорытынды жасадық, қосауыз мылтықтағы саусақ таңбалары соныкі боп шықты. Барлығы нақтыланған сияқты еді. Тұяқовтың өкешесі мәселені қайта қозғап отыр. Олар біреулерден баласын Әбдіханов Ғабит атып өлтірді деп естіпті. Міне, бұл әңгіме қайдан шықты, неге басқа емес Әбдіханов есімі аталады, мұны біреулер әдейі істеп отыр ма, осының барлығын анықтауымыз керек. Іс қайта қозғалды. Мұны Расултегі саған тапсырған дұрыс болар.

— Полковник мырза! Мен бүгін ғана...  
— Иә... Білемін. Бүгін қосылдың жұмысқа. Қалған тергеушілердің бітпей жатқан талай ісі бар. Сен отпусқаға кетерде бәрін бітіріп, тазалап кеттің, оның үстіне тәжірибен, хватқан жетеді. Бұл ДВД басшыларымен келісіп шешілген. Әуелі сондағы важняктарға береміз бе дегенбіз. ДВД бастығының зам. по следствию сені қолай көрді. Осымен бітті. Іспен танымаса бір күн уақыт.

— Күп болады!  
Кабинетіне келе Мұқан іспен таныса бастады. Барлығы да дұрыс. Жігіттер тәптіштеп-ақ түсірген екен қағазға, мұқияттылық көрініп-ақ тұр. Кенет... Кенет тергеушінің санасында бір күдікті ой қыла берді. «Ау, мұнысы несі? Кісі оқ тиіп өліп жатса, ол жерге біраз қан таму керек емес пе? Иә, тек шөпке жұққан қан жұқанасы туралы жазылған, басқа әңгіме жоқ». Токта... токта... Апырай-а? Өзі мылтықты кеудесіне тақап атып жібергенде... Қалай ол шалқасынан жатыр? Осындағы мәйіттің жатысы дұрыс емес сияқты ғой... Егер өзі жинаулы тұрған шөпке арқасын тіреп отырса... Токта... Токта... Мына жер... Он алтыншы қабиліңіз қос ұнғылы мылтық... Так... Так... Шүріппеде марқұмның сүк саусағының таңбасы... Немесе? Неге сүк саусақ... Ау, өз кеудесіне мылтық тақаған жағдайда жөлік сүк саусағы шүріппеге қалай жеткен, керісінше бас бармақтың ізі қалу керек еді ғой... Е... мынаның құқайы шыға бастады ғой... Әңгіме-шү тігіннен-тегіп шықпаған болды-ау, сонда... Әлде біздің ішімізде, басшылардың арасында істің осылай бұрылуына мүдделілер болды ма екен... Мүмкін, бәрі де мүмкін... Байқау керек. Қазір жау тауып алу дегенді шешіміз шаққанмен бірдей боп қалды ғой. Бастықпен ақылдасып көрген дұрыс болар. Не болса да алдын ала дабыра қылмаған дұрыс шығар.

Жұмыс соңына қарай бастықпен оңаша пікірлескен Мұқан өз бағытының дұрыс екеніне іштей риза болды. Бұл ойындағы күдігін айта бастағаннан ұзақ жылдар тергеу саласында қызмет атқарған басқарма бастығының қабағы түйіле түсті. Шылым шоғына қарап біраз отырды, шамасы ой қорытса керек, содан кейін бәрін шешімін айтты.

— Расултегі, бағытың дұрыс. Менің зам. по следствию сен кезде, оқиға болған кезді айтамын, тым зырғылдап кеткен. Байқа! Маған айтқаныңды басқа ешкім естімесін. Өркім сұрауы мүмкін, қашыртпа жауап берерсің. Тек маған баяндап отыр, іс жағдайы соны қажет етеді. Бастықтармен, прокуратурамен өзін сөйлесемін. Ол жақта да әділдік үшін күресер жігіттер аз емес, бірақ... подполтең де жеткілікті. Уақыт солай боп тұр ғой. Ал енді Абай ауылымен қалай жұмыс жасамасқын?

— Астыртын байланысқан дұрыс сияқты, полковник мырза. Өткен жылғы қылмысты ашқанымыздағыдай артист болуға тура келетін сияқты. Түрлі киімдер, грим, сақал-мұрт барлығы бар ғой. Қасыма кімді аларымды білмей отырмын.  
— Ешкімді де... Тек өзін... Жеке әрекет етесін. Абайлау керек. Анадай қылмысқа барған адамдардың ешкімді аямасты анық. Жұмысты қайдан бастайсың?

— Балық саудасымен айналысатын таныс жігіттермен келісіп қойдым. Олар ылғи Жана базар маңында, №6 емханының қаршынасына таблетка УАЗ-бен барып балық сатады. Оларға «Отпусқадамын, ақша керек боп тұр, сендерге көмегім берейін» дедім. Сол жерге балық тиелген машинаны әкелді де өз шаруаларына кетеді, мен сата беремін.

— Ол неге керек?  
— Полковник мырза, ол жерде тек балық сатпайды, Абай, Қарауылтөбе ауылдарынан келген әйелдер сүт, қатық, қымыз, құрт-ірімшік сатып отырады. Соларды тыңдасам дегенім ғой.  
— Дұрыс. Өртсіз болсаң енді. Түрінді өзгерт. Ана жігіттерге «Жұрт танып қалса күлді ғой, сосын осылай істеймін» деп ескертесің.  
— Иә. Оларға тура солай дедім, барлығын ескерткенім.  
— Онда, іске есті!

\*\*\*

Бұл ерте келді, жігіттер де уәдесіне тұрып, таблетка УАЗ-ды бұрынғы орын-

дарына ерте қантарды. Абай, Қарауылтөбе бағытынан осында таңғы 7-дегі автобуспен келген болар, он-он бес минуттан соң әйелдер де орналаса бастады. Әуелі бұған сенімсіздікпен қараса, сәлден соң мұрты қиылған әдеміше жігіттің әңгімешілігі уаған әйелдер бұрыннан таныс жаңдай ішарта бастады. Осы кезде жасы қырыққа таяған әдеміше әйел келіп қосылды бұларға, Мұқанның байқауынша осы қалада тұратын, бірақ жақын ауылдардан келген сүт, айран, қатықты сататын тәрізді. Мінезі ашық, алуындау келген ақсары әйел орыс мектебін бітірген болуы керек, «Привет!» деп сәлемдесті де, орысша-қазақшаны араластыра әңгімеге кірісті. Ақ кепканың құнағарын баса киген әйел ол отырар-отырмастан өзге тартты:

— Света! Әу, Света! Біраз кәністір келді ғой, дұрыс өлшеп алдың ба? Әйтпесе, ана Аманның қатыны нағыз жұмыртқадан жүн қырқатынның өзі ғой. Су қосып жібермең пе? Оны да байқау керек.

## Алдажар ӘБІЛОВ



ДЕТЕКТИВ-ЖИЖАҚ

— Оқәй, қылдым тәте. Тот раз, өзің білесің ғой, үйіне барып, война жасап қайттым ғой, ыдыстарын бетіне лақтырып. Арыз жазып, соттатып жіберемін дедім. Пәленбай адам сенің сүтіннен отравление болып, инфекционныйда жатыр деп едім, сорлы еңіреп жылап жіберді.

Отырғандар ду күлді. Бәрі де «Сауап болған. Халықты олай алдауға болмайды» дегіп жатты. Әлі көшеде алаң аз. Сатып алушылар тоғыздан өте келеді, оған дейін біраз мәлімет ала алсам жақсы болар еді деп ойлады Мұқан. Оның осы ойын күткендей Света әңгіме бағытын бұған бұрды.

— Ей... Красавчик! Откуда? Бұрын бұл жақта, горизонтта жөк елің ғой.

— Нең бар? Жайына отыра алмайсың ба? Болат балықшының інісі екен...  
— Красавчик! Женатыйсың ба, әлде? Ой, сендей жігіттер бос болатын ба еді...  
— Ту... Света-ай, сенің еркек көрсен бітті, буының босап қоя берді-ау...

— Ну-и... что, әйелміз. Көркізсің емеспіз. Любовь деген болады, татешка...  
— Әй... сөзің құрысын сенің... Қырыққа келгенде неғылған адасын жүрген ұлуоб?  
— Настоящи любовь қырықта келеді екен, тәте.

— Ту-у. Мынадай қайт жоқ еңді ғой. Әй, сол ұлуоб дегенің талайдың басын жұтып жатқан жоқ па?  
— Тәте... Саспа... Вся жизнь впереди... Алла Пугачева дегенің жетпісінде де любовь болып жатыр.

Осы кезде Мұқан әңгімені қажетті арнаға бұру керектігін түсінді.

— Апам дұрыс айтпады. Сол махаббат деген Баян сұлудың да, Қыз Жібектің де қасіретіне айналып, Қозы мен Телеген өлген жоқ па? Қазақстанның өзінде қазір қаншама адам атысып-шабысып, бірін-бірі өлтіріп жатыр, атып тастап жатыр. Менің бір досым айтқандай «Махаббат — опасно для жизни» болып тұр ғой.

Света бойын тіктеп, бір-екі қимыл жасады да, аналарға бұрылды.

— Оу, Абай, Қарауылтөбе... Атыс демекші, анадағы атыстарың не болды. Кімді кім атты, әлде өзін-өзі атты ма, түсінеңіз қалдық қой. Тіпті, не понятқа...  
— Сәл үнсіздік орнады. Әйелдер төңіректі бір шолып алды да, жақын тұста адам қарасы көрінбегенін сөз шүйкесін соза түсті. Әңгіме тізгінін қолына алған кексе әйел сөзді әрден бастады.

— Не шыкса да ана Ғабит сұмырайдан шығады, қанын ішіне тартып, сүп-сүр болады да жүреді. Ал марқұм Жетес дегендер тұқыммен тәуір адамдар ғой. Әкесі Сәмит Тұяқов ағай өмір бойы мектепте мұғалім, директор болды. Қыздары қандай, сызған қағаздай... Бір өнегелі семия еді. Мына бір қатын, әлгі марқұмның қатынын айтамын, сол келді де, осы үйдің берекетін алды.

— Сен не айттың отырсың, а?! Ал ол біздің алыстау болса да нағашы сіңліміз. Оның кімнен несі, қай жері кем... Қайта байы аузынан суы ағып жүрген түсірімсіз емес пе. Сосын жан-жағына қарайды да... Бақнасаң мал кетеді, қарамасаң қатын кетеді демеі ме бұрынғылар.  
— Ол мақал қатыныңның құлы бол деген сөз емес. Сол сіңің мектепте жүргенде-ақ елге белгілі болды емес пе, бәті жылтырап, кеудесін керіп, көрінген ерекше көзін сүзіп, алдын басса арты, артын басса алды ашық жүрген әуейі еді ғой. Қайта мына қасқа тап бола кетіп, біраз абыройын жапты...

— Әй, қатындар! Хватит! Токандар! Не понятқа болып кетті ғой. Давай по-порядку...  
— Не пародікісін сұрайсың, Света! Әлгі өлген жігіттің қатыны бет біткеннің ажарлысы болғаны құрысын, жас күнінен бұрандасы босап кеткен...  
— Токта! Не бұранда ол? Босап кеткені несі?  
— Ойбай-ай! Сен қатын да құрттың-ау,

тым жақсы әңгімені бұзып... Не қазак емесің, не орыс емесің...

— Татешка, давай не оскарбляй. Почему казак емесің. Қазақпын...

— Енді... Құрышы әрі... Жүргішті... не дейтін еді. Мынаған түсіндірсеңдерші...

Келесі әйел өзінше түсіндіріп жатыр.

— Гулшәйші деген ғой...  
— Да...А... Слабый переход па... Ондайлар бар енді... Дальше...

— Бәле сол қатыннан басталып тұр. Жетес марқұмның көзін ала бере, ана сұмырай Ғабитті айтам, әлгі сұқсырға бара қалмай ма. Сүйіс-пүйіс, істі енді бастайтын деп жатқанда Жетес үстерінен түскен көрінеді. Тұйықтығы болмаса ағамыз қара күштің иесі ғой ол, қатынды да, ананы да өлтіре сабайды. Айқай-шуды әкесі естіп, аршалалап алады. Әйтпесе екеуін де қауіп қыла жаздаған ғой. Қатынды қуып жіберген сосын, ана сұмшайы бүкіл ауылды, ақсақал, қарасақалды салып, кешірім сұрады ғой Тұяқовтардан...

гендей иек қасты, бұл байқағанын сездіріп басын ізеді.

...Бастықтың танысы жеңіл көлікке отырар-отырмастан бұдан «Полиция қызметкерің бе?» деп сұрады. Бұл жеке кәсіппен айналысатынын айтты. Анау үнсіз қалды да, жүргізушіден «Сен ше?» деп сұрады. Ол да басқа салада, «ҚазГер-Мұнайда» жұмыс істейтінін, жақында вахтадан келесін, қолы бос болғандықтан бір танысының өтінішімен келе жатқанын айтты. Анау басын шайқап мырс ете қалды. Мұның сұраулы кейіпін аңғарған болуы керек, анау сәмпылдай жөнелді.

— Мына Нұрланды айтамын-ау. Бала күннен бірге өсті. Сол кезден осы мінезі. Әйтпесе, қарамағанда зырылдап тұрған машина да көп, ызғып жүрген сотрудниктер де көп. Мына ауылға, әкімі ме, учасковойы ма біреуіне бір звонок тастаса бітті ғой, бүйтіп сандалмай-ақ, күрішті өздері әкеліп берер еді және арзан алар едім. Көрмейсің бе істеп отырғанын. Оның беделін пай-

йын сұрай бастады. Бұл білгенін, естігенін айтты.

— Жақсы. Онда сен қазір тездетіп жұмыстан осы іске қатысты барлық материалды ал да, түскі асынды іш. Ешкімнің сезбегені дұрыс. Әсіресе анау... Сосын мына адреске келесін. Ол пәтер жөнінде жан баласы білуге тиіс емес. ДВД-ның жасырын пәтері, жан-жағынды тексеріп барып кірерсің, тура сағат екі жарымда, қоңырауды екі рет ұзақ, бір рет қысқа басысын. ДВД бастығы, оның тергеу жөніндегі орынбасары және мен боламын. Іс туралы баяндайсың. Түсінікті ме?

— Дәл солай!  
...Мұқан пәтерге кіре бере-ақ мұның арнайы жабдықталған үйі екенін ұқты. Ішкі істер саласында он жылдан аса қызмет атқарса да, мұндай пәтер барын білмегеніне таңқала тұрып, ол кен болғаны сканер, компьютер және т.б. жабдықтар қойылғанын көрді. Бастығы асықтыра бастады.

— Капитан тездет, барлық құжаттарды, экранға шығар!

— Күп болады!  
Мұқан баяндай бастады. Оның дауысын анда-санда құжаттарды ауыстырған кездегі сканер дыбысы ғана бөлуде.

— Күдік алуыма алғашқы себеп — мұрденің жату қалпы. Бұл тұста бірден екі кереғарлық бар. Біріншісі, адам өзін-өзі атқан жағдайда оқиға болған жерде біраз қан жойылғары анық. Оқиға орнын қарау хаттамасында ондай төгілген не ұйыған қан жоқ, тек аз ғана қан жұққан пішен көрсетілген. Бұл оқиғаның басқа жерде болғанын, яғни, оның басқа жерде өлгенін көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды, өлген адамды біреу не біреулер жиналған шөп жанына басқа жақтан әкеліп жағ-қызыған. Бұл — біздің оқиға, өзіне-өзі қол жұмсау емес, керісінше кісі өлтіру болған деп топшылауымызға негіз болады. Енді осыны дәлелдермен толықтыралық. Біріншіден, жоғарыда айтылған жағдай кісі өлімінің басқа жерде болғанын көрсетеді, екіншіден, оқиға басқа жерде болса, өлген адамның жиналған шөпке келіп, өзі жата кетпесі белгілі, яғни, біреулер әкеп тастады. Бұдан кісі өлтіру жағдайы болғанын көреміз.

Келесі күдік тудыраған жайт, егер өзіне-өзі қол жұмсаған адам арқасын жинаулы тұрған шөпке тіреп отырса және кеудесіне тірей мылтықпен атып жіберсе, онда ол шалқасынан құламайды. Себебі, ол мылтыққа қарай еңкейе отырады, өйткені мылтықтың ұзындығы метр жарымдай, ал шүріппе тұрған тұс өзіне мылтық кезеушіден кемі 80-90 сантиметр, мұндай жағдайда еңкеймесе, оның шүріппеге қолы жетпейді. Оның үстіне қос ұнғылы аңшы мылтығы атқан кезде кері тебетінін есепке алсақ, оқ тиген адам етіптінен, не бір бүйірге қарай құлау керек еді. Біздің жағдайда тіпті басқаша болып тұр, бұл да кісі өлімінің өзін-өзі өлтіру емес екенін анықтайды.

Одан соңғы күдігі — мылтықтағы саусақ таңбасы. Қос ұнғылы аңшы мылтығында Жетес Тұяқовтың сүк саусақ таңбасы шүріппеде ғана барын сарапшылар көрсетеді. Міне, қорытындысы. Бұл тұста да қисына келмейтін нәрсе бар. Егер Жетес Тұяқов өзіне-өзі атық болса қосауыз мылтықты омырып, оқиғана оқ салуы керек. Ондай жағдайда мылтық ствольында да, дүмінде де оның саусақ таңбалары қалуы керек еді. Сарапшылар көрсеткендей оның саусақ таңбасы тек шүріппеде ғана. Бұл да қисына келмейді, өйткені, өзін-өзі ата жағдайында адам тек өз аяғын атса ғана сүк саусақпен шүріппе басуы мүмкін, басқа жағдайдың барлығында сүк саусақ шүріппенің басы алмайды, тек бас бармақпен ата алады.

Бұл да жоғарыдағы пікірді бекіте түседі. Содан соң Тұяқов өзіне-өзі қол жұмсамақ болып, мылтық оқиғаны оқ салды делік, енді оны ата үшін мылтық құлағын қайыруы керек қой. Міне, мылтықтың екі құлағында да із, таңба жоқ, тап-таза. Сонда неге тек шүріппеде сүк саусақ таңбасы қалған? Біреу Тұяқовты атып өлтіргеннен кейін, мылтықты сүртіп, оны марқұмның қолына ұстатқан және шүріппеге оның сүк саусағының таңбасын әдейі қалдырған деп қорытынды жасаймын.

— Оқ дәл сол мылтықтан атылған ба? Департамент бастығы түйіле сұрады.

— Иә. Дәл солай... Бірақ, мылтық тіркеуде жоқ еді.

— Одан соңғы шаруа қалай болып жатыр?

— Абай, Қарауылтөбе ауылдары адамдар арасында жүргізілген астыртын із-дестіру жұмыстары мынадай жайттарды анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, Жетес Тұяқов отбасы — сол ауылдағы өнегелі отбасылардың бірі. Марқұм да салмақты, қак-соқпен жұмысы жоқ, шаруасына мығым жігіт болған. Алайда, әйелінің жеңіл жүрісі бар көрінеді. Мәселесі, осыдан басталған сияқты. Оқиғадан екі ай бұрын марқұм болған жігіт сол ауылдың Ғабит Әбдіханов деген жігітін өз үйінде әйелімен сүйісіп тұрған жерінен ұстап алады да, өлтіре сабап жібереді. Әйелді де үйінен қуып жібереді. Әлгі Әбдіханов ауыл ақсақалдарын араға салып, Тұяқовтардан кешірім сұрап құтылады. Бірақ ішіне кек сақтаған болуы керек. Оқиға болардың алдында сол ауылдың Ерлан, Қабылан деген жігіттері бар, әлгі Әбдіханов Жетес Тұяқовты аңшылыққа алып шығыпты.

Бортыты «УАЗ» — Әбдіхановтікі, «Ланд-КрузерПродо-80» — Ерландікі, төртеуі прожектормен, мылтықпен кетеді. Ана үшеуінің жауабы — міне, «Былай шыға бере Жетес аңға барудан бас тартты, қоян атымен деп болып тұсынан түсіп қалды. Біз де ауылға қайтып кеттік». Үшеуі де осылай түсінік беріп отыр. Бірақ олар сол күні киік атуға барған болуы керек. Көріштерінің айтуына қарағанда «Құм-көл» жақтағы «Айтқыр» атты жерге баратын сияқты. Жанбұр суы қак болып бір-екі ай тұрып қалатындықтан киіктер сол маңда көп айналысқайтын көрінеді. Енді сол төңіректі қару керек болып отыр. Айтқыр табыла ма деген ой бар. Әйтпесе, қолымызда бұлтартпас дәлел жоқ.

— Им-м... да... жақсы, капитан, сен бара бер! Біз ақылдасып, шешерміз. «Айтқыр» жаққа бару керек болса, барасын. Бірақ жұрт сенің ол жаққа кеткенді білмеуі керек. Сенімді екі машина, криминалист, видеооператор да қажет. Бұйрық күтіңіз! Кез келген уақытта жолға шығуға дайын бол!

— Күп болады!

(Жалғасы бар)

# БЕЙНЕСІ БӨЛЕК, ІСІМЕН ЕРЕК Айтмұрат



Сыр елінің асыл тұлғаларының бірі, майдангер, оқпен оттың ортасында арыстандай қайрат көрсеткен, соғыстан кейін бейбіт елдің өркендеуіне зор үлес қосқан, еңбектің қарагері атанған Шәменов Мөрәлінің есімі жұртқа жақсы таныс. Мен сонау облыста партия, кеңес қызметтерінде жүргенімде ол кісінің өзін көрмесем де, елге жасаған еңбегін қатты бағалайтынмын. Өйткені ол кісі аудандағы шаруашылықты басқарған директорлардың ішіндегі ең алымдысы, азулысы, іскері, қабілеттісі, ұтымды ұйымдастырушы екендігін, обкомның алқа жиналыстарында есімі құрметпен жиі аталатынын білемін.

мен жаман емей, жақсымын ба?» деп жауап береді. Хан әділ сөзге жауап таппай үнсіз қалыпты.

Мен ойлаймын, сондай жамандықтан аулақ болу үшін, халқым көгеріп-көктесін десең, алдымен адамның қамын ойлау – ер-азаматтың ісі. Сонда ғана ағайын арасында ауызбірлік орнығып, алақұлалық жойылмақ. Сондықтан, ең бастысы, құлқын мен нәпсіні ойламай, арды ойлап іс етсең еңбегің жемісті, өнімнің келісті болмақ, – деді Мөрәлі аға.

Сонан соң: «Қорғанбекжан-ау, бұл айтқаным өмірде саған керек болар, болмас білмедім, сенің елге жасар қызметің әлі алда ғой. Есінде болсын, басы болғанында адамдар бәсең жұмыс жасауы үшін алдымен оның әлеуметтік жағдайын жасау қажет. Жұмысшы – ұлы күш иесі екенін ұмытпа. Сол күштің жағдайын жасаған, олар да өз міндетін адал атқарады» деп айтқаны әлі есімде. Қараңыз, қарапайым еңбек адамның неткен бағалау, қадірлеу, құрметтеу десенің?! Бұл адамдарға деген қамқорлықтың өнегесі, жанашырлықтың үлгісі емес пе?! Осыны бүгінгілер білуі керек-ақ.

Осыдан кейін оны бұрынғыдан бетер жақсы көріп кеттім. Сол таныстықтан соң сыйластығымыз үзілген жоқ. Өйткені іскерлігі, мұрда оғандай сөзі, қарым-қабілеті маған қатты ұнады. Сол кездері Жалағаш ауданының азулы директорлары саналған Алдабергін Бисенов, Узақ Еспанов сияқты бұл кісінің де абырой-атағы асқақ еді. Олармен бірдей облыстық партияның бюро мүшесі болды.

Ұлы Отан соғысында 1945 жылдың мамыр айында Германиядағы Бойценбург қаласының коменданты болғанының өзі аңыз әңгімедей десең болады. Сол соғыста жүріп немес тілінің үйренуінің нәтижесі елуге келді. Әлі күнге дейін кү тіземді құшақтап келемін. Сонда

Осындай алғыр адамнан Айт-

мұраттай алымды, болымды, пайымды, парықты, парасатты, білімді, білікті азамат неге тумасын?! Менің тілге тиек етпегім, осы Айтмұрат інім қақында. Облыстық атқару кеңесінің төрағасы қызметіндемін. Бұл қызметті атқарғаным біршама жылдың жүзі болып қалған. Содан 1992 жылы Жалағаш ауданында Бұқарбай батырдың 180 жылдық мерейтойы аталып өтілуі тиіс болды. Облыс басшысы Сейіпбек Шауханов мені сол іс-шараның төрағасы етіп сайлады. Батырдың тойын өткізу, аудан орталығына батырдың ескерткішін жасату мен қою істеріне дайындықты алдын ала бастап кеттік. Республикалық ақындар айтысын өткізу іс-шарасы да жобадан бар. Сырттан келетін қадірлі қонақтарды жайғастыру мен қарсы алу, шығарып салу бәрі жоспар бойынша қолға алынды. Осы тұста алғаш Айтмұрат бауырымен таныстығым басталды. Осылай Бұқарбай батыр бабаның арқасында таныстықым бауырластыққа айналды.

Мөрәлі ағаның бойындағы көрегендік қасиеттер Айтмұраттың бойында да барын аңдадым. Содан мағадай, ол тұрған індей болып сыйласып кеттік. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы болар. Бұрыннан сырлас, сыйлас адамдардай етене жақындасып, ақырында арамды отбасылық қарым-қатынасқа ұласты. Оның басты себебі, осы Бұқарбай батырдың аудан орталығына ескерткішін қоюдан басталды дер едім. Батырдың ескерткішін алаңға тұрғызып қойдық. Бәріміз ел болып қуанып жатырмыз. Жиналғандар бір-бірін құшақтап, «құтты болсын» айтады. Бір кезде сырттай ескерткішке зер салсам, айналасына тас төсеніштер жетпей тұрғанын аңдадым. Дегенің сол жерде Айтмұратпен кездесіп, ескерткіш айналасына тас төсеніштер керектігін айтып ақыластым. Сонда Айтмұрат інім: «буынсыз жеріме пышак

ұрғандай етіп тұрсыз ғой. Оған қаражатты қайдан табам?» деп қалды.

Осы тұста оны қайрауға, жігерлендіруге, намысын оятуыма тура келді.

– Айтмұрат інім-ау, өзін біліп тұрсың, аудан – өзіннің туып-өскен жерің. Осы жерден шыққан атпал азаматтардың қатарында жүрген жігіттердің бірісің. Енді санаулы күнде сырттан қаншама қонақтар ауданға келетін тұр. Оларды өзін білесің сынай да, міндей де келеді. Әсіресе, әр облыстың от ауызды орақ тілді ақындары келмек. Солардың тіл садағына ілініп кетпейік. «Батырды тұрғызып-сыңдар, айналасында түкте жоқ, жадап-жүдеп не істеп тұр?» десе, не айтамыз? Ел азаматтары ретінде екеуміз де жұрт алдында уятқа қаламыз. Осы істің басы-қасында екеуміз жүрміз. Нартәуекел, қаржыны табуға тырысып көр. Мен де қолымнан келгенше аянып қалмаспын, – дедім.

Ойлы, зерек, ақылды азамат қой. Бір шарасын қарастырған шығар, ертенің ескерткіш айналасына төсеніштер келе бастады. Жұмысшылар жұмыла іске кірісіп кетті. Айналырған он күн ішінде батырдың ескерткіші алаң ортасында жайнап шыға келді. Мен сол кезде Айтмұраттың іскер, білікті басы, қарымды ұйымдастырушы екендігін сезіндім. Ол тегі көп сөзге жоқ жан. Нағыз істің адымы екенін ұғындым.

Оның іскерлігі жөнінде Жалағаш ауданында ПМК-27-ні басқарып тұрғанда өзін танытын ордал ол жайлы көп естідім. Екінші жағынан облыстың атқару кеңесінің төрағасы болғанын көптеген басшылардың істерінен хабардар болып отыратыным тағы

бар. Ұмытпасам, 1975-1985 жылдары Жалағаш ауданында барлық бағытта құрылыс салу жұмыстары қызу қолға алынды. Осы тұста 1977 жылдары Айтмұрат ПМК-27-ге басшы болып келді. Ол өзінің жоғары білімді дипломы бола тұра, еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастағаны жайлы қызықты етіп айтып бергені бар-ды. Сондағы оның басты мақсаты – алдымен құрылыстың қыр-сырын игеру, содан соң сапасына ой көзін жүгірту. Осылай қайнаған тірлікті көзбен көріп, тастың қалануын қолымен ұстау еді. Еңбекшінің істері арқасында бұл жолдан сүрінбей өтіп уәсәке шебері, прораб, уәсәке бастығы, инженер, бас инженер лауазымына дейін көтеріледі. Ақырында өзінің мол тәжірибесі мен табындылығын арқасында ПМК-27 мекемесінің басшылық қызметіне қол жеткізді. Сол аудандағы ПМК төрінен социалистік жарыстың Қызыл ту ымырлы әсте түспеген. Осылай өзі басқарған мекемеде табыс пен намыс қатар желбіреп тұрды.

ПМК-ны он жылға жуық басқарғанда аудан шаруашылықтарында бірнеше клуб, балабақша, монша, мектеп, жаңа тұрғын үйлер салынып, жаңа көшелер бой түзеп, оған заманауи талапқа сай су жүйелерін жүргізіп, көшеге асфальт төселіп, ауыл орталықтары ажарлана түседі. Осылардың барлығының астарында Айтмұрат Мөрәліұлының еселі еңбегінің табы жатқаны белгілі. Сонымен қатар ауылдарда ауыл шаруашылық өндірісін дамытуға да бірнеше объектілер салуға өз үлесін қоса білген азамат. Атап айтқанда, сол кездердегі Калинин, «Аққұм», «Тан», «Мәдениет» секілді совхоздарда ірі қараға арнап уақыт талабына сай комплекстердің

салынуы. Және оларды дер уақытында пайдалануға берген. Сондай-ақ 11 шаруашылыққа жем-шөп дайындау, сүт өңдеу цехтарын салып беруі ауылға, елге-жерге деген қамқорлығы еді. Айтмұраттың ауылға барына көңіл бөлуі әкеден қалған қасиет шығар.

Қазақтың данышпаны Абай: «Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрін де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады. Ненің қызығын іздесең, соның күйің бір тартасын» деген.

Айтмұрат жастайынан не істесе де ақылмен, пайыммен, оймен әрекет ететін. Қандай істі қолына алмас бұрын ақылна салып, ой көзінен өткізіп, зердесінен сүзіп, өз өлшеуінен асырмай, білімі мен біліктілігіне байланыстыра отырып бастайтындығын да өз айтуынан білетінін. Осындай іскер азамат 1998 жылы облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалғанда қатты қуандым. Өйткені Айтмұрат істің көзін білетін азамат болатын. Оның билікке қажет болуы себебінің бірі, қаладағы ТЭЦ-6-ның төбесінің опырыла құлауы түрткі болса керек. Шынығын айту керек, сол шақта Айтмұратпен бірге жұмыс жасадым. Ол кезде облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы болатынмын. Сонда Айтмұрат әрбір істің көзін тауып, қираған орталықты қалпына келтіруге жұмыс жасады. Шынығын айту керек, оның білікті басы екендігін көп адамдар сонда мойындады. Қақпаған қысқа жеткізбей жылу орталығын дер кезінде, межелеген шағында іске қосты. Бұл нағыз ерлік еді.

2000 жылы мемлекеттік қызметті жылы жауып қойып, өзінің жеке кәсібін өрбітуге бірыңғай ден қойды. Бұл өмір талабы, заман қажеттілігін танығандар нарықтың ырғағын түсіне білуі еді. Алғаш «ШАМ» ЖШС құрып кәсібін ілгерілетті. Содан «Қызылорда-интерграция», «Наурыз-Қызылорда» секілді мекемелерді басқарып, Қызылорда қаласы мен Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына, өркендеуіне үлес қосып, демеушілік жасады. Сансыз армандары алға жетелей түскенде Айтмұрат Шәменов ойламаған жерден дүниеден озды. Аман нешік?! Алдынан адам баласы ренжіп шықпайтын, берген уәдесіне берік, бейнесі бөлек, ісімен ерек, өзіме іні бола білген аяулы азаматтың қазасы жанымға қатты батты. Асылдың сынығы, бұлақтың тұнығы, тектінің жұрымы еді. Іні де болса ақылдасымдай, сырласымдай болған Айтмұрат тірі болғанда биыл 75 жасқа келер еді. Өмірден өткеніне де қантар айында 10 жыл болды. Өтсең, тағдыр оған жазбады. Келінім Әліма мен балашағасына Алла өмір берсін!

**Қорғанбек ҚАЙРУЛЛАЕВ,  
«Құрмет» орденінің иегері,  
Қызылорда облысының  
Құрметті азаматы**

## БІЛІМ МЕН БІЛІКТІЛІК БІРІНШІ ОРЫНДА

Еліміздің дамуында, мемлекеттік бағдарламалар мен реформалардың тиімді жүзеге асуында мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігі аса маңызды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Сыр өңіріндегі 357 мемлекеттік органның 255-і – жергілікті атқарушы мемлекеттік орган, қалған 102-сі – орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері. Оның 53-і – облыстық, 158-і – қалалық және аудандық, 146-сы – ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдар.

Осы мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны 3338-ді құраса, қазір нақты 3233 мемлекеттік қызметші жұмыс жасайды. Оның 14-і саяси әкімшілік қызметшілері, 3219-ы – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, 99,4%-ы қазақ ұлтының өкілдері. Әйелдердің үлесі 46,2%, оның 9,9%-ы түрлі деңгейдегі басшылық лауазымдарда қызмет атқаруда. 94,8%-ы жоғары білімді болса, 5,2%-ының орта кәсіби білімі бар, 0,8%-ы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 0,1%-ы «Болашақ» халықаралық стипендиясының, 0,8%-ы шетелдік оқу орнындағын түлектері болса, 23,6%-ының екі немесе одан көп білімі, 6 қызметшінің ғылым кандидаты дәрежесі бар.

Орташа еңбек өтілі 12,3 жылды, орташа жасы 41,5-ті құрайды. Оның ішінде, 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 24,7%, 18,5%-ы 35-тен 40-қа дейінгі, 32,6%-ы 40-тан 50 жасқа дейінгі, 24,2%-ы 50 жас және одан жоғары.

Меритократия қағидаттарына сәйкес мансаптық өсу жолымен жоғары лауазымдарға тағайындалғандардың

үлесі 77,8%-ды құраса, конкурс өткізілместен бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға ауысу тәртібімен жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалғандардың үлесі 40,3%.

Былтыр өңірдегі барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 515 бос лауазымға орналасуға конкурс өткізіліп, нәтижесімен 405 үміткер бос лауазымдарға қабылданды. 52,3%-ы – мемлекеттік қызметке алғаш қабылданушылар. Олардың 4,5%-ы мемлекеттік қызметке келгенге дейін квазимемлекеттік секторда, 6,7%-ы жеке секторда, 46,3%-ы бюджеттік ұйымдарда қызмет атқарған, 42,5%-ы жұмыссыз болған. Конкурстық рәсімдердің барлығы дерлік қоғамдық байқаушылардың қатысуымен өткен. Қоғамдық байқаушылардың 2,2%-ы – жергілікті мәслихат депутаттары, 4,8%-ы – БАҚ өкілдері, 5,5%-ы – ҰЕҰ өкілдері, 0,8%-ы – саяси партия өкілдері, 19,3%-ы – мемлекеттік органдар қызметкерлері, 11,3%-ы – тағы басқалар. Ал 56,1%-ы – мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның, яғни ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің қызметкерлері.

Өткен жылы 100 қызметші, оның 14%-ы коммерциялық секторға, 9%-ы квазимемлекеттік секторға, 2%-ы жеке секторға, және 75%-ы басқа да белгілі себептермен өз өтініштеріне сәйкес мемлекеттік қызметтен кеткен. Сонымен қатар 4 мемлекеттік қызметші теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған.

**Бакытжан НҰРАЛЫ,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің облыс бойынша  
департаментінің бас маманы**

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,  
«Қызылординские  
вести», «Ақмешіт  
апталығы», «Ақмешіт  
жастары»  
және ауданның барлық  
басылымдарына  
хабарландыру  
орналастырғыңыз келсе:  
70-00-52 телефоны  
арқылы  
байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Шетел тілдері және аударма білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Баймаханова Шолпан Үсенқызына әкесі

**Үсен Баймахановтың** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

AKSA Energy Qyzylorda (Акса Энерджи Кызылорда) ЖШС «Қызылорда қаласындағы қуаты 240 МВт кем болмайтын БҒҚ базасында электр станциясын салу аумағын инженерлік дайындау» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың өтетіндігін хабарлайды.

Жоба бойынша құжаттар бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде 2024 жылғы 18 қаңтар мен 24 қаңтар аралығында қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданабайды.

Тапсырыс беруші: «AKSA Energy Qyzylorda (Акса Энерджи Кызылорда)»

ЖШС; БСН 221240013918; Кызылорда облысы, Кызылорда қ., Марал ишан көшесі; 1-ғимарат, тел.: 8 (700) 482-04-94, [duman.amanbay@aksa.com.tr](mailto:duman.amanbay@aksa.com.tr)

Әзірлеуші: «КАЗИПРОНЕФТЕ-ТРАНС» ИНЖИНИРИНГ КОМПАНИИ» ЖШС; БСН: 040940003211; Алматы қ., Райымбек даңғ. 160 А; Жоба басқарушысы – Р.А.Атчибаев, 8 (702) 212-01-08, [r.atchibaev@kgnt.kz](mailto:r.atchibaev@kgnt.kz)

Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 7242 60 53 62.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша апараттарды қоғамдық тыңдаулар өткізу уақытында, сондай-ақ [r.atchibaev@kgnt.kz](mailto:r.atchibaev@kgnt.kz) e-mail поштасы, тел.: 8 (702) 212-01-08 арқылы жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «AKSA Energy Qyzylorda (Акса Энерджи Кызылорда)» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичного обсуждения раз-

дела «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Инженерная подготовка территории строительства электростанции на базе ПГУ мощностью не менее 240 МВт в г. Кызылорда».

Документация по проекту размещена на едином экологическом портале: <https://ecportal.kz> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней после публикации на Едином Экологическом портале с 18 января по 24 января 2024 года. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Заказчик: ТОО «AKSA Energy Qyzylorda (Акса Энерджи Кызылорда)»; БИН 221240013918; Кызылординская

область, г.Кызылорда, улица Марал ишан, здание 1; тел.: 8 (700) 482-04-94, [duman.amanbay@aksa.com.tr](mailto:duman.amanbay@aksa.com.tr)

Разработчик: ТОО «ИНЖИНИРИНГОВАЯ КОМПАНИЯ «КАЗИПРОНЕФТЕТРАНС»; БИН 040940003211; г. Алматы, пр. Райымбека, 160 А; Управляющий проектом – Атчибаев Р.А., тел. 8 (702) 212-01-08, [r.atchibaev@kgnt.kz](mailto:r.atchibaev@kgnt.kz)

Местный исполнительный орган, ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности можно получить при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: [r.atchibaev@kgnt.kz](mailto:r.atchibaev@kgnt.kz), тел.: 8 (702) 212-01-08.



## ҮЗДІК АУЫЛ МЕЙІРГЕРІ

Қоғамдағы қызметтің қай түрі болмасын, өзіне тән қиындығы мен жауапкершілігі бар. «Адамның істегенін адам істейді» десек те, өз ісіне шын берілген, кәсібіне адал, қызметінің нағыз маманы болған кейбір жандардың еңбегін көргенде басыңызға «әй қайдам, мен бұл істі дәл осы кісідей атқара алмаймын-ау» деген күмәнді ой келері сөзсіз. Мәселен, адам жанының арашашысы болып жүрген саулық сақшыларының қызметін алыңызшы. Күндіз-түні уақытпен санаспай науқастың амандығы үшін күресіп жүргенін көргенде «осы жұмыс менің қолымнан келер ме еді?» деп еріксіз ойланасыз. Сондықтан болар медицина мамандығын таңдауға екінші бірінші батылы жете бермейді.

**Сb** Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

Оның ішінде мейіргер болудың өз машақаты бар. Олар – мейірімі мен жан жылуы, төзімділігі мен ісіне беріктігі арқылы науқастың кеселінен айығуына үлкен ықпал тигізетін жандар. Статистикаға сүйенсек, медициналық мекемелердегі барлық жұмыстың 80 пайызын мейіргерлер атқарады екен. Ендеше нағыз еңбек адамы деп осы мамандық иелерін айта болатын шығар.

Бытыр жыл аяғында Денсаулық сақтау министрлігі сала қызметкерлеріне арнап жақсы бір шара өткізді. «Алтын шипагер» Ұлттық медициналық сыйлығын тапсыру салтанатында біздің өңірімізден де бірнеше маман қатысып, марапат төрінен көрінді. Олардың ішінде Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасы жанындағы Байтұрсынов ауылдық емханасының аға патронаждық мейіргері Айна Қожанова да бар. Ол «Үздік ауылдық мейіргер» номинациясын иеленді.

Айна Бақытқызы 1991-1994 жылдары Ақтөбе медициналық училищесін «Акушер» мамандығы бойынша бітірген. Сондай-ақ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Алайда еңбек жолын медицина саласымен ұштастырып, халықтың денсаулығына қызмет етуді таңдаған.

Еңбек жолын 1994 жылы Арал аудандық әйелдер консультациясында аймақтық акушер болып бастады. 1999 жылдан бері Байтұрсынов ауылдық емханасында мектеп мейіргері, емшара бөлмесінің, патронаж және аға патронаж мейіргері болып үздіксіз 24 жыл жұмыс

істеген. Жалпы медициналық жұмыс өтілі 28 жыл. Кәсібіне адал, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын Айна жүрек қалауымен келген мамандығын мақтаншы етеді.

Коронавируспен күрес кезінде де КВИ-1 стационарлық, провизорлық бөлімшелерде тынбай еңбек етті.

Қазіргі кезде Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасының аудандық аға патронаж мейіргері болып қызмет атқарады.

— Конкурса қатысқан кезде Байтұрсынов ауылдық емханасында жұмыс істейтінмін. Қанша күрделі, жауапты қызмет болса да осы салада еңбек еткеніме қуанамын. Бытыр жылды жақсы аяқтадым. Республикалық конкурста «Алтын шипагер» жүлдесінің «Үздік ауыл мейіргері» номинациясын жеңіп алдым. Еңбегіңнің жемісін көру де — бір бақыт, — дейді Айна Қожанова.

Өз саласының майталман маманы Айнаның бұл алғашқы марапаты емес. Ол бұдан бұрын да еңбегі елеңіп, түрлі аудандық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болып жүр. Бір ғана мысал, бытыр 12 мамыр — Халықаралық мейіргерлер күні кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған сайыста «Үздік маман» номинациясына ие болды.

Айна кәсіби біліктілігін көтеру үшін үнемі ізденіп, оқып жүреді. Түрлі мәдени іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Ол — үздік мейіргер ғана емес, отбасында екі бала тәрбиелеп-өсірген ардақты ана, үш немеренін сүйікті әжесі. «Еңбек түбі — береке» деп осындайда айтылса керек.

## Қазақ пен түсік сәулетінде сәйкестік көр

Қазір шетелде білім алам деген жастарға жол ашық. Бүгінгі кейіпкеріміз Айсәуле Қаржаубай Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетінде білім алуға. Таңдаған мамандығы — архитектор. Жер жаһандағы ең байырғы және құрметті мамандықтың бірі саналатын саланы игеруге талпыныс неден туындады? Ескі Стамбұл сәулетінің негізін салған Мимар Синан елінен не үйренуге болады? Осы сауалдарды Айсәулеге қойған едік.



— Сізбен сұхбаттасудың сәті түскеніне қуаныштымын. Жалпы, Түркияда білім алып жатқан отандастарымыз туралы жиі естіміз. Бұл елге жолыңыз қалай түсті?

— Қазалы ауданында туып-өскенмін. 2020 жылы сондағы №266 мектеп-лицейді бітірдім. Сол жылы ешқандай бағдарламаға қатыспай, ақылы негізде Нийде Омер Халисдемир университетіне оқуға түстім. Қазір архитектор мамандығы бойынша білім алуамын. Негізі мұнда келу бала күнгі арманым еді. 8-сыныптан бастап Түркияға оқуға түсемін деп шешім қабылдадым. Өйткені бұл жақтың мәдениеті мен табиғатына және архитектурасына қатты қызықтым. Мен үшін атакты архитектор Мимар Синанның отанында аталған мамандық бойынша білім алу — үлкен бақыт. Жаңа дизайн ойлап тауып, ішкі жүйесін ойластырып, қолданысқа сай ғимарат жасау — өте қызық жұмыс. Бір жағынан бұл құнды ешқандай жоғалтпайтын мамандық. Алдағы уақытта осы маман жинаған білімімен Қазақстанда жаңа туындылар жасау ойда бар.

Ал университеттің оқу жүйесіне келсек, Қазақстанға қарағанда қиын. Оның үстіне өзін жетік білмейтін түрік тілінде білім алу шамалы ауыртыптық салады. Мұндағы бағалау жүйесі де біздің елден өзгеше. Олай дейтінмін, бәрі бір факультетте оқитын студенттердің орта балына қарай бағаланады. Барлық студент жоғары баға ала алмауы мүмкін. Сондықтан бәсекелестік өте жоғары.

— Өзіңізге мәлім, түріктің халықтық архитектурасы Түркістан даласының танымы мен ислам өркениетінің тоғысынан туған. Бұл ерекшелік бүгін де байқалатын секілді. Ал түрік бауырлар өз сәулет мәдениетін атажұртпен байланыстыра ма?

— Орынды сауал. Қазір сәулет өнеріндегі тенденция өзгерді. Сыртқы сипаттағы өзгеріс әрқилы, бірақ ішкі құрылым ортақ. Осы тұжырымды ескерсек, түріктер соңғы жылдары ғана классикалық, яғни, еуропалық сәулет өнеріне жақынды түскендей. Мұны айтаудағы себебін, түрік бауырлар сан ғасырлық тарихында архитектуралық бағытын Орталық Азиядағы өркениетпен мәндесті. Оны мейішті, сарай, мазар құрылысынан байқауға болады.

Осы орайда қазақ пен түрік даласындағы монша архитектурасы туралы сөз қозғағым келеді. Қызығы сол, екі өркениеттің сәулетіндегі сәйкестік осы монша құрылымынан сезілетіндей. Мысалы, монша архитектурасының ең керемет үлгісі Осман кезіндегі бой көтерген. Құрылым мен идея тұрғысынан бұл нысандар Орталық Азия елдеріндегі моншаға ұқсас. Екі елдің сәулет сәйкестігі туралы танымы осында-ақ аңғару қиын емес.

— Енді мамандыққа ойысқақ. Архитектура саласы Түркияда қаншалықты дамыған? Бізден недей ерекшелігі бар?

— Тарихқа жүгінетін болсақ, Түркия — дизайн, архитектура ортаны. Әрине, бұл қатарда Италия, Испания мен Франция да бар. Алайда шығармашы мәдениетпен алсақ, алғашқысының көші ілгері дер едім. Себебі мықты деген архитекторлар мен дизайнерлердің көбі осы жерден шыққан. Жалпы, Түркиядағы кез келген қалаға барып, жай ғана далада жүрсеніз болды, дизайн мен архитектураның жарқын көріністері жан-жағыңызда тұрады. Мысалға, мұндағы дүкендер, ғимараттар, сауда үйлерінің ерекшелігі стилінде,

әрқайсысы бір-бірінен дараланады. Көшелерінде төселген тастар ежелгі қалаларды көз алдыңызға әкеледі. Тарихи орындары тіптен керемет. Далаға шығып, серуендегеніңіз өзінде архитектура мен дизайннан бойыңыз мотивацияға толады.

Жыл сайын қазақтардың Түркияға ағылуының бір себебі осы деп ойлаймын. Төрт жылда тағы бір байқағаным, мұнда мамандықпен жұмыс бойынша да жақсы дамыған, мамандар жоғары айлық алады. Олардағы ерекшелік — құжаттың көптігінде. Мәселен, үйге қатысты құжаттар өте көп. Бір үйдің дизайн, архитектурасын жасаған кезде де, бір үйді бұзып, жаңасын сала алмайсыз. Оған мемлекеттің рұқсаты керек, себебі, ол — тарихи жер. Тіпті, өзіңіз сатып алған үйіңізге өзгеріс жасағыңыз келсе, қағаз жүзінде мемлекеттен рұқсат сұрауға міндеттісіз. Түсінігім, Түркияда қағазбен жұмыста мәселелер өте көп. Бұл, әрине, ерекшелігі емес, жалпы, біздің елмен салыстырғанда айырмашылығы осы жерде болып тұр.

— Қазақстандықтар онда көп баратыны белгілі. Түркия туристерге қолайлы ел ғой... — Иә, Түркия — нағыз туристерге арналған ел. Себебі, туристер бір елге ол жақтың тарихын, елін-жерін, мәдениетін көргісі келгендіктен барады. Ал түрік ағайынның тарихы да, мәдениеті де, тамағы да қызық. Мұнда 4 жылға жуық жүрсем де, көп жерін көріп үлгерем алмадым, себебі әдемі жерлері тым көп. Санамалап айтсам, Стамбұл, Анкара, Анталия, Невшехир (Каппадокия), Кайсері деген қалаларына сахат жасалдым. Әсіресе, Стамбұлдағы Долмабахче мен Топкапы сарайы, Айя-София, Сұлтан-Ахмет мешіті, Таксим алаңы, Истиклял көшесі және Галата

мұнарасы тарихтан сыр шертеді. Ал Стамбұл бірнеше архитектураның қосындысы іспетті. Орталығы — тек заманауи жерлер, бір жағында ескі архитектура, түрлі дизайнмен жасалған ғимараттар, үйлер тұрады. Бұл жерлі сән қаласы дейді, әрбір тұрғыны талғамға сай кінәді. Мен таңдаған салаға осының бәрі шабыт пен түрлі идея сыйлады. Сәтін салса, оймалдағының бәрін елге барғанда жүзеге асыратын боламын.

— Шетелде оқығысы келетін студенттерге қандай кеңес бересіз?

— Басқасын қайдам, бірақ Түркияда студенттерге, әсіресе, бакалавр студенттеріне жұмыс істеуге қатаң тыйым салынған. Сондықтан мұнда өз қаражатыңызбен немесе белгілі бір мемлекеттік бағдарламалардың шәкірталасын ұтып алып қана келе аласыз.

Тағы бір ескеретін жайт, шетелде тіл білу маңызды. Қазіргі уақытта тіл білмесеңіз, ешнәрсе істей алмайсыз. Қазақстанның өзінде кей жұмыс орындары орыс, ағылшын тілін білуді талап етеді. Болашағым жарқын болсын десеңіз, әлемге шығам десеңіз, онда міндетті түрде ағылшын тілін білуіңіз керек. Түрік тілі де көп жерде қолданыста. Қазақ тілін ғана емес, жалпы көп тіл білгеніңіз, өзіңізге пайдалы болмақ. Соңғысы, шетелде оқудан қорықпау керек. Уақыт өте келе айналдырып тіл табысып кетесіз. Оның үстіне тарихи бай елдің мәдениеті мен танысып, өмір сүру салтын көру таным көзжігеріңізді кеңейтеді. Өміріңізге азық болатын көп нәрсе түйіп қайтасыз.

— Ашық әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



### Олимпиадаға жолдама беріледі

Кувейттің Эль-Кувейт қаласында 12-23 қаңтар аралығында стэнд атудан 2024 жылғы Париж Олимпиадасына жолдама сарапқа салынатын Азия чемпионаты өтеді. Аталған сайыста Сыр өңірінің спортшылары да бақ сынамақ.

Осыған байланысты ел құрамамы Катардың Доха қаласында оқу-жаттығу жыны дайындығы үстінде. Олардың қатарында Айжан Досмағамбетова, Әлішер Айсалбаев және Илья Пеньков бар.

### Ұлттық ойынды ұлықтағандар

Қызылорда қаласында ересектер мен жастар арасындағы аймақтық додаға 7 ауданнан 85 спортшы қатысуға.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының президенті Әбдіқалып Ерғешбаев тілектестігін білдірді.

Ұлттық ойынды дәріптеген сайысқа тәжірибелі спортшылардың барлығы келді. Жарыс барысында алдағы уақытта ел біріншілігіне қатысатын облыс құрамасы жасакталды. Жарыс 12 қаңтарға дейін жалғаспады.

### Елордада өтетін балуандар бәсекесі

Астана қаласында өтетін күрес түрлерінен Қазақстан чемпионатының ойын күнтізбесі жарияланды. Ел бірін-

шілігі 1-5 ақпан аралығында ересектер арасында грек-рим, әйелдер және еркін күрестен өткізіледі.

Жарыс Астана қаласындағы Жаксылық Үшкөпиров атындағы Жекпе-жек сарайында болады.

Ұлттық біріншілікте еліміздің 17 облысы мен Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан келген балуандар өзара мықтыны анықтайды. Жарыстан кейін Бішкекте (Қырғызстан) өтетін Азия аймақтық, Стамбұлда (Түркия) өтетін әлемдік іріктеу турнирінде бақ сынайтын балуандар есімі белгілі болмақ.

### Үздік үштіктен көрінді

7-9 қаңтар аралығында Астана қаласында өткен жеңіл атлетикадан ел біріншілігінде қызылордалық Әлайдар Мырзағазиев қола жүлдегер атанды.

Жерлесіміз 2007-2008 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында ядро лақтырудан сыңға түсті. Нәтижесінде ол 14 метр 4 сантиметр көрсеткішпен үздік үштікті түйіндеді.

«Сb» ақпарат

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» ҚФ «Солтүстік Шығыс Дошан кен орнын игеру жобасы» жобалық құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 16.02.2024 жыл сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, №12 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификаторы: 871 4582 3639

Кіру коды: 402809

Бастамашы: «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» ҚФ, БСН 040241006672

Өкілі: Адранов Азамат Алматывич Байланыстар: тел: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері:98-91, Электрондық пошта /e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, БСН 970940000588

Өкілі: Ляля Ешбаева, Мурталиев Замир

Байланыстар: тел: 8-7292-60-02-08 вн 207, Электрондық пошта /e-mail: el@nipi.kz; zamir.murtaliev@nipi.kz

Порталға сілтеме: <https://ecportal.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері:98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@kor-da.gov.kz. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69.